

Түргеш қағанаты (704-756 жж)

Негізгі ақпарат

Құрылды

699 жылы

Жойылды

756 жылы

Алғашқы қағаны

Үшлік хан (699-708)

Ұлы астанасы

Суяб

Кіші астанасы

Күңгіт

Орналасқан жері

Іле өзені мен Шу өзені аралығында,
Іле Алатауынан Балқаш көлінің
оңтүстігіне дейін.

Бөлінуі

Сары түргеш,
Қара түргеш

Түркеш қағанатының құрылуы

Тәуелсіздігінен айырылған түрік тайпалары Қытай басқыншыларына қарсы көтеріліске шығып отырды. Олардың ішінде тек қана түркеш тайпасы VIII ғасырдың басында өз мақсаттарына жетеді.

704 жылы Түркеш тайпасының көсемі Үшліктің басшылығымен түркеш әскерлері қытайларды жеңеді. Міне осы кезден бастап Түркеш қағанаты Батыс Түрік қағанатының орнына құрылады. Түркеш қағанатының нақты құрылған уақыты деп 704 жылды айтамыз.




Түркеш қағанатының этникалық құрамы

Қағанаттың негізін түркеш тайпасы құрған. Олар сары түркеш, қара түркеш болып бөлінген.

1 Сары Түркеш (Шу бойында орналасты)

2 Қара Түркеш (Іле бойында орналасты)



Халқының құрамы түрік тілдес тайпалардан тұрды. Түргештер туралы алғашқы деректер "Күлтегін" ескерткішінде және қытай жазба деректерінде кездеседі.



Сардешке воны

Түргеш қағандары

ҮШЛІК ҚАҒАН (699-706ЖЖ)



САҚАЛ ҚАҒАН (706-711ЖЖ)



СҰЛУ ҚАҒАН (715-738 ЖЖ)

Қағанаттың саяси жағдайы

Үшлік қаған(704-706 жж)

Алғашқы билеушісі.Түргеш қағанатын 20 саяси-әкімшілік аймаққа бөлді. Оның барлығы қағанға бағынышты болды.Әр аймақта 7 мың әскер болған. Үшлік қаған билікте екі жыл ғана отырады.Бұл кезде Орта Азияда араб тайпаларының басқыншылығы басталады. 706 жылы Үшлік қаған қайтыс болады.

Сақалды қаған (706-711 жж)

Сақалды қаған басқарған кезде қағанаттың ішкі және сыртқы саяси жағдайы өте күрделі болды. Билік үшін сары түркештермен қара түркештердің арасында талас жиілей түсті. Ал сырттан Шығыс Түрік қағанаты, араб тайпалары, сонымен қатар Таң (Қытай) империясы да қауіп төндірді.711 жылы Шығыс Түрік қағанатының қағаны Қапаған ішкі талас-тартысты пайдаланып Түркештерді өздеріне бағындырады.Сөйтіп Үшлік Сақалды өлтіріп, біраз уақыт түркештерді басқарады.

Сұлу қаған (715-738 жж)

Түркеш қағанатын 715-738 жылдары Сұлу қаған басқарды. Біразжылдар бойы ішкі және сыртқы талас-тартыстардан тұралаған Түркеш қағанаты Сұлудың кезінде қайтадан күш ала бастайды. Бар билік, саяси артықшылықтар қара түркештердің қолына көшеді. Қаған ордасы Тараз қаласына көшірілді. Қағанның шайқастарға тікелей өзі қатынасуына әрі ылғи да жеңіске жетуіне байланысты арабтар оған «сүзеген», «мүйізді қаған» деп ат қойған. Арабтармен болған соғыстан кейін Сұлу қаған еліне оралып, Навакет қаласында өз қолбасшысы Баға тарханның опасыздығынан қаза болады.

Сұлу қағанның сыртқы саясаты

Арабтар
шапқыншылығы

Қытай мемлекеті
үлкен қауіп төндірді

Шығыс Түрік
қағандығының басып
алу қаупі төнді

Сырттан төнген қауіп
Сұлу қаған

Қағанаттың тәуелсіздігін сақтап қалды

Қытай империясы және
Шығыс Түрік
қағанатымен
құдандалық арқылы
келісімге келді

Көрші елдермен әскери
келісімшарттар
жасасты

Орта Азия
халықтарымен
арабтарға қарсы күш
біріктірді

Соғдылардың Жетісуға қоныс аударуы

Соғдылар-Орта Азияда өмір сүрген иран тілдес халық. Ежелден Зеравшан мен Қашқадария өзендерінің алабын қоныстанған. VI-VIII ғасырларда соғдылықтарды Түрік қағандығы жаулап алған.

Соғдылардың Жетісуға қоныстануы туралы әр түрлі пікірлер бар.

- Сауда арқылы келіп қоныстанған.
- Бұхараның әмірі Абруйдың алым-салықтың көп алуына шыдамай, қоныс аударуға мәжбүр болған.
- Арабтардың жаулап алуымен байланыстырады. Тарихи жағынан алып қарағанда бұл үш пікірдің үшеуі де белгілі бір жағдайларға байланысты соғдылардың шығысқа қарай қоныс аудару бастағанын теріске шығармайды. Соғдылардың қоныс аударуына осы үш себептің әсер еткендігі-тарихи шындық.



Зерттеушілердің соғдылар туралы пікірлері

В.В.Бартольдтың айтуынша, соғдылардың Түркістан мен Жетісуға қоныс аударуы саудаға байланысты. Сондай-ақ араб шапқыншылығы да соғдылардың Жетісуға қоныс аударуын күшейтіп жіберді.

VII ғасырдың бас кезінде Жетісуда болған қытай саяхатшысы Сюань Цзянь өзінің күнделігінде «Суяб қаласының батыс жағында бірнеше қала бар. Олар басқаларға тәуелсіз, бірақ түріктерге бағынышты өз билеушісі бар» деп жазған.

Махмуд Қашқари еңбегінде «Олардың Жетісуға қоныстануы бұл аймақта егіншілік пен қала мәдениетінің дамуында айтарлықтай із қалдырды. Түрік тілдес ру-тайпалардың арасына келген соғдылықтар олардың тілін, әдет-ғұрпын, мәдениетті үйрене бастаған түріктер соғдылармен жақын араласа бастаған» деп жазады.

751 жылғы Атлах шайқасы

Сұлу қаған қайтыс болғаннан кейін сары және қара түркештер арасында 20 жылға созылған талас-тартыс басталады. Қағандықтың саяси және экономикалық жағдайын мүлде әлсіретіп жібереді. Қағандықтың мұндай жағдайын біліп отырған Қытай империясы Куш қаласындағы (Шығыс Түркістан) әскерін Жетісуға аттандырып, 748 жылы Суябты жаулап алады. Бұдан кейін Қытай әскерлері Ташкентті басып алып, оның әмірін өлтіреді. Әмірдің ұлы арабтарды көмекке шақырады. 751 жылы Тараз маңындағы Атлах қаласының түбінде арабтармен қарлұқтар бірігіп қытай әскерін жеңеді. Бұл жеңіс Орта Азия жеріндегі Қытай империясының билігін біржолата жояды.



751 жылғы Атлах шайқасы. Т. Асықов салған сурет.

Түркеш қағанатының әлсіреу себебі мен ыдырауы

- **Араб-Қытай шапқыншылығы**

- **Ішкі қақтығыс**

Араб-Қытай шапқыншылығы

Көп жылға созылған араб-Қытай шапқыншылығы Түркеш қағанатының экономикалық және саяси жағдайын әлсіретіп жіберді.

Ішкі қақтығыс

Сары және қара түркештер арасындағы жікке бөлінушіліктің бұрынғыдан да ушыға түсуі, талас-тартыстың шиеленісуі, Түркеш қағанатын әлсіретті.

756 жылы Қарлұқтар Түркеш қағанатын құлатып, билікті өз қолдарына алды.

ҚАРЛУҚ ҚАҒАНАТЫ
(756-940 ЖЖ)

Қарлұқ қананатының құрамы және олардың орналасқан жерлері

Қарлұқтар туралы алғашқы мәлімет V ғасырдан бастап белгілі болады. Бұл кезде қарлұқтар Моңғол Алтай тауы мен Балқаш көлінің шығыс жағалауы арасын қоныс етіп, көшіп жүрген.

VI-VII ғасырларда қарлұқтар Түрік, Батыс түрік және Шығыс түрік қағанаттарының құрамына кіреді. Олар ірі-ірі үш тайпалық – бұлақ, шігіл (себек) және ташли одағына бірікті. Қарлұқ тайпалар одағының билеушісі елтебер деп аталды.



Қарлұқтардың түріктермен түбі бір екендігі араб парсы деректерінде де мәліметтер кездседі.

Онда қарлұқтарды ежелгі түріктер деп жазады. Араб тарихшысы әл-Марвазидің хабарына қарағанда қарлұқтардың құрамына 9 тайпа: **Үш жікіл, үш бескіл, бұлақ, көкеркін және тухси** кірген. Сондай-ақ **лазана** мен **фаракия** рулары да аталған.

Қарлұқ тайпаларының топтасқан жерлері Алтай тауынан Балқаш көліне дейінгі аралық.

Ал Күлтегін жазуындағы «Қарлұқтарды қырып, басып алдық» деген хабар қарлұқтардың Шығыс түрік қағанатының құрамында болғандығын білдіреді. Шамасы осы жеңілістен кейін қарлұқтардың бір толқыны Жетісуға жылжиды.



Алтай тауынан Сырдарияның орталық ағысына дейінгі аймақты алып жатқан ірі тайпалар одағы – қарлұқтар Түргеш қағанатының әлсірегенін пайдаланып 756 жылы билікті қолдарына алып, өздерінің мемлекетін құрды.

Қағанаттың саяси жағдайы.

Қағанаттың орталығы **Суяб қаласы** болды. Қарлұқ қағанатының көпшілік ақсүйек – шонжарлары екінші астана – **Баласағұн** қаласында тұрды. Билікті өз қолдарына алған қарлұқтар Қытайдан төнген қауіпті жоюды ойластырады. Атлах түбіндегі шайқасқа өздеріде қатысқан болатын. Сондықтан, олардан қауіп болдырмау үшін 766-775 жылдары Қашқарияны жаулап алып Шығыстағы шекарасын кеңейтеді.

IX ғасырдың басында Қарлұқтар өздерінің шығыстағы жауы Ұйғыр қағанатынан жеңіліс табады. Оларға қарсы күрес 20 жылға созылған. Ақыр аяғында бұл соғыста қарлұқтар қырғыздар мен біріге отырып, 840 жылы Ұйғыр қағанатын тас-талқан етіп жеңеді. Осы жеңістен кейін Білге Күл Қадірхан – Испиджаб қаласының билеушісі өзін қаған деп жариялайды.

Бірінші – қарлұқтардың 712-713 жылдарда Соғды, Шаш, Ферғаналықтармен бірігіп жүргізген күрес кезеңі. Бұл кезең қарлұқтардың 756 жылы билікті өз қолдарына алған кезге дейін созылады. 751 жылы Атлах шайқасында қарлұқтар Арабтарды қолдады. Соғыста Қытай әскері талқандалды, Қытай империясының орталық Азиядағы ықпалы әлсіреді.

Жалпы қарлұқтары Арабтарға қарсы күресі 2 ғасырға жуық мерзімге созылған. Бұл мезгілді екі үлкен кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Екінші кезеңде қарлұқтар күресі 8 ғасырдың 2-ші жартысынан 9 ғасырдың аяғына дейін барады. Қағанаты ұзақ жылдарға созылған ішкі талас – тартыстармен билік үшін күрес әлсіретеді.

Қарлұқтардың қиын жағдайын пайдаланып, Қашқардың түрік билеушілері 940 жылы Баласағұн қаласын басып алып, Қарлұқ қағанатын талқандайды.

Сонымен 200 жылға жуық билік құрған Қарлұқ қағанаты өзінің үстемдігінен айырылады.

Шаруашылығы

Түргеш және Қарлұқ қағанаттар халқы негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Олар жыл мезгілдерінде шаруашылықтың ыңғайына байланысты көшіп-қонып жүрген.

Қыстаулары Іле,Талас,Шу,Ертіс,Сырдария сияқты ірі өзен бойларындағы тоғайлы жерлерде немесе тау бөктерлеріндегі күңгейлі шатқалдарда орналасқан. Өйткені ондай жерлердің от-суы мол,қысы жайлы еді.

Қыстауларда тұрақты үй-жай,қора-күркелер салып,5-6 ай бойы тұрақтаған. Төрт түлік мал өсірген. Мал өнімдері(жүн,ет,тері,сүт) жесе азық,кисе киімі болған.

Егін шаруашылығына ыңғайлы жерлерде орналасқан қыстаулар біртіндеп ірі қалаларға айналып отырған. Қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс болған. Олар: Құлан, Мерке, Атлах, Балық, Барысхан, Талғар т.б.

Мәдениеті

Қарлұқ халықтарының мәдениетін екі салаға бөліп қарастыруға болады.

1.Материалдық мәдениет

2.Рухани мәдениет

Кез келген халықтың мәдениеті олардың шаруашылық түріне байланысты болған.

Материалдық мәдениет халықтың тіршілік мұқтаждығын өтейтін заттардан,бұйымдардан тұрады.Олар: үй-жай,киім кешек,тамақ,қару-жарак, құрал-сайман.

Рухани мәдениетке – халықтың дүниетанымы,жан дүниесі,діни наным-сенімі,тілі,әдет-ғұрпы,салт санасы тағы басқа да бұрыннан қалыптасқан жалғасып келе жатқан ата баба дәстүрлері жатады.

Жауынгер түрік салт аттылары ұзын шекпен түріндегі қорғаныс сауыт киген. Олар мықты аттарға мініп, ат әбзелдерін – ер, үзеңгі, өмілдірік, жүген мен құйысқан т.б шеберлікпен жасаған. Салт аттылар үшбұрышты ұшы бар найза, қылыш пен садақ, айбалта, гүрзімен қаруланып белдіктеріне қорамсақтар ілген.

Дулығаларының төбесі үшкір болып келген, бірқатар жағдайларда үкі тағылған. Түркі салт аттылары бөрлібасты жауынгерлік ту ұстаған.